

Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы ЕСЕП

8D071–Инженерия және инженерлік іс: 8D07102– Машина жасау мамандарын даярлау бағыты бойынша "Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті" КЕАК жанындағы диссертациялық кеңес

Есепте келесі мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Есептік 2025 жылғы диссертациялық кеңестің 2 (екі) отырысы өткізілді, оның ішінде философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысты қорғау бойынша 1 (бір) отырыс өтті.

2. Отырыстардың жартысынан азына катысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса). жоқ

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы көрсетілген докторанттардың тізімі. Андрей Борисович Бугаев (2025 жылдың 10 желтоқсанда қорғады).

4. Есепті жыл ішінде кеңес қараған диссертацияларды қысқаша талдау, келесі бөлімдерді бөлін көрсету:

А.Б. Бугаевтың «Қар- мұз кабатын бұзуга арналған аспалы соққы роторлық жабдықтың параметрлерін әзірлеу және негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 5 бөлімнен тұрады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруы бойынша АР05130746 «Қысқы уақытта жолдар мен тротуарларды тазалауға арналған механикаландырылған кешен» жобасы аясында 2018–2021 жылдары орындалған.

Қар-мұз қатпарларын бұзуга арналған аспалы соққылы-роторлы жабдықты әзірлеуге бағытталған диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады және жол машинасын жасау саласындағы қазіргі заманғы міндеттерге сәйкес келеді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы соққылы-роторлы жұмыс органының қар-мұз кабатымен өзара әрекеттесуінің механика-математикалық моделін әзірлеуден және мұзды бұзу тиімділігін арттыра отырып, жол жабындарының зақымдалуын төмендетуді қамтамасыз ететін аспалы жабдықтың жаңа конструкциясын ұсынудан тұрады.

Зерттеу нәтижелері коммуналдық және жол шаруашылығының практикасында енгізілген, бұл енгізу актілерімен расталады, сондай-ақ жол машиналарын жобалау және жаңғырту кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Автордың ғылыми еңбектерінің тізімі Scopus дерекқорында индекстелетін (процентилі 35-тен жоғары) 2 мақаланы, Web of Science дерекқорында дәйексөзделетін 1 өнертабыс патентін, ҚР ҒЖЖБМ ҒЖБСҚЕК ұсынған баспаларда 3 мақаланы, 1 Еуразиялық патентті, Қазақстан Республикасының 8 өнертабыс патентін, Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығында тіркелген 3 ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есепті, сондай-ақ РИНЦ реферативтік дерекқорында индекстелетін 2 мақаланы қамтиды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз шолулардың мысалдарымен).

Андрей Борисович Бугаевтың диссертациялық жұмысына ресми рецензенттер ретінде тағайындалды:

1) Абишев Қайратолла Қайроллинович – техникалық ғылымдарының кандидаты, профессор, КЕАҚ «Торайғыров университеті» инженерлік факультетінің деканы.

2) Юрченко Василий Викторович – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, «Технологиялық жабдықтар, машина жасау және стандартизация» кафедрасының

профессоры, КЕАҚ «А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті».

Екі рецензент те оң пікір білдіріп, диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер айтқан жоқ. Рецензенттердің жұмысы жоғары деңгейде бағаланып, «өте жақсы» деп танылды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңестердің уақытша мүшелері мен рецензенттерді таңдау және бекіту үшін Қазақстан Республикасы ғалымдарының дерекқорын құру ұсынылады.

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар- 1 (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары- 0);

2) қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) – жоқ;

3) ресми рецензенттердің (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) теріс пікірлері алынған диссертациялар-жоқ;

4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертация (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) - жоқ;

5) жетілдіруге бағытталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) – жоқ;

6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) – жоқ.

**Диссертациялық кеңестің
төрағасы**

**Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы**

«08» қаңтар 2026 ж.



Шеров А.К.

Ғабдысәліқы Р.